III МОДУЛЬ
ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

# 2-сабақ Жазбаша және ауызша іс жүргізу

## 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

| | |
|---|---|
| дәлелдеу нысанасы | қайта қарау |
| дәлелдеу шектері | ауызша талқылау |
| процестің тараптары | жазбаша талқылау |
| жазбаша дәлелдеме | құжаттарды ұсыну |
| соттың белсенді рөлі | дәлелдемелерді жинау |
| мәжбүрлеу шаралары | дәлелдемелерді зерттеу |

## 2. Берілген сөздерді аудармасымен сәйкестендіріңіз.

| | | |
|---|---|---|
| 1. мәжбүрлеу шаралары | f | a.предмет доказания |
| 2.соттың белсенді рөлі | | b.пределы доказывания |
| 3.дәлелдеу нысанасы | | c.пересмотр |
| 4.дәлелдеу шектері | | d.письменное разбирательство |
| 5.процестің тараптары | | e.стороны процесса |
| 6.жазбаша дәлелдеме | | f.меры принуждения |
| 7.қайта қарау | | g.представление доказательств |
| 8.жазбаша талқылау | | h.письменное доказательство |
| 9.ауызша талқылау | | i.активная роль суда |
| 10.құжаттарды ұсыну | | j.устное разбирательство |
| 11.дәлелдемелерді жинау | | k.сбор доказательств |
| 12.дәлелдемелерді зерттеу | | l.исследование доказательств |

## 3..Тыңдаңыз және жазыңыз.

мәжбүрлеу ______
дәлелдеу ______
дәлелдеу ______
процестің ______
жазбаша ______
ауызша ______
құжаттарды ______
жазбаша ______
дәлелдемелерді ______
дәлелдемелерді ______
соттың ______

Тұйық етістік (у)+
барыс септігі
(-ға,-ге,-қа,-ке)
Мысалы: қайта қарау+ға
көшу+ге



LIVEWORKSHEETS

## 4. Тиісті жалғауларды жазыңыз.

-ға,-ге | -қа,-ке

қорытынды[ ] дәлелдеме[ ] құжат[ ]

әкімшілік іс[ ] шағым жасау[ ] қайта қарау[ ]

жазбаша талқылау[ ] ауызша талқылау[ ] құжаттарды ұсыну[ ]

## 5. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| шағым | жинауға |
| дау | талқылауға |
| қайта | ұсынуға |
| жазбаша | қарауға |
| ауызша | айтуға |
| дәлелдемелерді | талқылауға |
| құжаттарды | зерттеуге |
| дәлелдемелерді | жасауға |
| әкімшілік | сотқа |

## 6. Мәтінді оқыңыз.

Сот тараптардың келісімімен әкімшілік істі жазбаша талқылауда тиісті мерзімде, бірақ талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде қарауға құқылы.

Сот талқылауының мерзімін ұзарту туралы ұйғарым прокурордың өтінішхаты бойынша шағым жасауға, қайта қарауға жатпайды.

Аса күрделі әкімшілік істер бойынша бұл мерзім соттың уәжді ұйғарымымен тиісті мерзімде, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Жазбаша талқылау тәртібімен әкімшілік іс ауызша талқылауды жүргізбестен қаралады.

## 7. Сұрақтарды жауабымен сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| Қандай ұйғарым прокурордың өтінішхаты бойынша шағым жасауға, қайта қарауға жатпайды? | Жазбаша талқылау тәртібімен жүргізілетін іс. |
| Сот тараптардың келісімімен әкімшілік істі жазбаша талқылауды қандай мерзімде қарауға құқылы? | Үш айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. |
| Қандай іс әкімшілік іс ауызша талқылауды жүргізбестен қаралады? | Сот талқылауының мерзімін ұзарту туралы ұйғарым. |
| Аса күрделі әкімшілік істер бойынша мерзім соттың уәжді ұйғарымымен қанша мерзімге ұзартылуы мүмкін? | Талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде. |



LIVEWORKSHEETS

## 8. Дұрыс нұсқасын жазыңыз.

Сот тараптардың келісімімен әкімшілік істі жазбаша талқылауда тиісті мерзімде, бірақ талап қойылған күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде _______________ құқылы.

қарауды | қарауға | қарауы

Сот талқылауының мерзімін ұзарту туралы ұйғарым прокурордың өтінішхаты бойынша _______________ _______________ жатпайды.

қайта қарау | қайта қарайды | қайта қарауға

_______________ әкімшілік істер бойынша бұл мерзім соттың уәжді ұйғарымымен тиісті мерзімде, бірақ үш айдан аспайтын __________ ұзартылуы мүмкін.

мерзімі | мерзімнің | мерзімде

Жазбаша _____________ тәртібімен әкімшілік іс ауызша талқылауды _______________ қаралады.

жүргізбестен | жүргізілуі | жүргізілген

шағым жасауға | аса күрделі | талқылау

## 9. Мәтін бойынша үлгінің көмегімен жазыңыз.

қарауға /мерзімде/
қарауға /жатпайды/ қайта/
әкімшілік / күрделі/ аса/ істер/
ұзарту /туралы/ мерзімін/
тәртібімен/ талқылау/ жазбаша/
талқылауды/ жүргізбестен/ауызша/
қойылған/ талап/ күннен/ бастап/
мерзімде/ үш айдан/ аспайтын/

**Мерзімде қарауға**

_______________
_______________
_______________
_______________
_______________
_______________
_______________
_______________

## 10. Мәтінді оқыңыз.

Дәлелдемелерді зерттеу, дәлелдеу нысанасы мен шектері жазбаша іс жүргізудің сипаты мен осы бапта белгіленген ерекшеліктері ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің нормаларында белгіленеді.

Әкімшілік процестің тараптары жазбаша дәлелдемені ұсынған адамдарды қоспағанда, мұндай дәлелдеменің қатыстылығына, жарамдылығына және анықтығына дау айтуға құқылы.

Сот жеке процестік әрекетті жасау немесе процестік мәселені шешу үшін ауызша сот отырысын тағайындауы мүмкін.

Бұл ретте қажетті ақпарат пен дәлелдемелерді жазбаша нысанда ұсынуды талап ете алады.

Қажетті ауызша сот талқылауын өткізгеннен кейін жазбаша іс жүргізуді одан әрі жүзеге асыру қосымша ұйғарымдар шығарылмастан жалғасады.



LIVEWORKSHEETS

## 11. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

кәмелеттік жас

әкімшілік шығын

азаматтық іс

қылмыстық жаза

мемлекеттік қызметші

кәмелеттік жас

## 12. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің нормаларында ________________.

айтылады | көрсетіледі | белгіленеді

Сот жеке процестік әрекетті жасау немесе процестік мәселені шешу үшін ауызша сот отырысын ___________________ мүмкін.

тағайындауы | белгіленуі | жазылуы

Қажетті ауызша сот талқылауын өткізгеннен кейін жазбаша іс жүргізуді одан әрі __________ қосымша ұйғарымдар шығарылмастан жалғасады.

қабылдау | жалғастыру | жүзеге асыру

## 13. Мәтін бойынша сөйлемдерге сұрақ құрастырыңыз.

| | |
|---|---|
| | Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің нормаларында белгіленеді. |
| | Процестік мәселені шешу үшін. |
| | Әкімшілік процестің тараптары. |
| | Қосымша ұйғарымдар шығарылмастан жалғасады. |



LIVEWORKSHEETS